

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Тұрабай Бердібек

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қ-21, 2 курс, мамандық «Қаржы»

Ғылыми жетекшісі – Нурбаева А.Т.

Күрделі қаржы (инвестиция) – жаңа құрылысқа, жабдықтауға, жұмыс жасап тұрған кәсіпорынды ұлғайтумен техникалық қайта жабдықтауға, тұрғын-үй, мәдени тұрмыстық құрылысқа кеткен шығындар. «Инвестиция» немістің «investition» деген сөзі және бұл кәсіпорынға (фирма) пайда табу мақсатында ұзақ мерзімге салынған капитал мөлшерін көрсетеді. Инвестиция қайнар көзіне өнеркәсіп кәсіпорынының көптеген пайдасы, ірі банктердің еркін ақшалай қоры, тұрғындардың жинаған ақшалары, мемлекеттің ақшалай қаржылары, яғни мемлекеттің табыстары (салық, кеден салығы және т.б.) жатады. Одан барлық шығындарын алып тасталынады. Олар инвестиция ретінде жаңа кәсіпорынды салуға, жол құрылысына, денсаулық сақтау, оқу ағарту, мәдени объектілеріне жұмсалады.

Инвестиция көзі болып жаңадан қалыптасқан (құрылған) құн немесе таза табысының жинақтаған бөлігі саналады.

Инвестиция маңызы – экономиканың тұрақты және жоғары қарқынының қалыптастыруда, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуде, инфрақұрылымды дамытуда бөлінеді. Инвестицияны дамытуда кәсіпорынды қаржыландыратын және ұзақ мерзімге немесе беретін мамандандырылған инвестициялық банктер мен акционерлік қоғамның акцияларынан құралған инвестициялық қорлар ерекше роль атқарады. Қазақстан Республикасының заңдары экономиканың барлық саласын инвестициялық тұрғысынан қолдауға бағытталған.

Инвестициялар нақты инвестициялар және қаржы инвестициялары болып бөлінеді. (бірінші қосымшаны қараңыз)

Қаржы инвестициялары – мемлекеттен, басқа да кәсіпорындардан, инвестициялық қорлардан бағалы қағаздар акцияларды сатып алуға бағытталған.

Бірінші жағдайда, инвестор, өзінің өндірістік капиталының көлемін — өндірістік негізгі қорлар мен айналым қорларын ұлғайтады. Екінші жағдайда инвестор бағалы қағаздардан дивиденд алу арқылы өзінің қаржы капиталын ұлғайтады.

Сонымен қатар, инвестициялар тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей инвестициялар – республиканың тәуелсіздік кепілдігіне байланысты және арнайы техникалық көмек грантқа арналған инвестициялардан басқа барлық инвестиция түрлері. Жанама инвестициялар – қоржындағы инвестициялар, басқаша айтқанда құнды қағаздар мен мүліктік бағалы заттар.

Коммерциялық тәжірибеде мұндай инвестициялардың түрлері:

- табиғи активтерге инвестициялар;
- ақша активтеріне инвестициялар;
- материалдық емес активтерге инвестициялар.

Нақты активтерге байланысты инвестициялар мынадай топтарға бөлінеді: Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестициялар. Олардың негізгі мақсаты жабдықтарды ауыстыру, персоналды оқыту және өндіріс қуаттар өндірісін тиімді жағдайы бар аймақтарға қарай ауыстыру арқылы фирманың шығындарын азайтуға жағдай жасау. Өндірісті кеңейтуге бағытталған инвестициялар. Негізгі мақсат — өндіріс орындарының нарыққа тауар шығару қабілеттілігін кеңейту.

Қазақстан Республикасы нарықтық қатынастарға өтуге байланысты инвестицияларды тартумен тұрақты дами бастады. Бұл еліміздегі жүргізілген инвестициялық саясатының нәтижесі деуге болады. Осы бағыттағы шаралар барысында ол

дағдарыстан шығудың нақты тұтқасына айналып, экономиканың өсуі және оны қайта құрылымдаудың негізгі шарты болғанын күнделікті өмір көрсетіп отыр.

Одан басқа «Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың бағдарламасына» сәйкес, таяудағы онжылдықта инвестициялаудың жалпы көлемі 6,5 триллион теңгелік 162 жобаны іске асыру болып отыр, ал бұл елдің ІЖӨ 40%-дан астамы, олар бізге таядағы үш жылда ғана 200 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын тікелей ашуға мүмкіндік береді» [1].

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі- Қазақстан экономикасына келетін инвестициялар ағынын әртараптандыру болып табылады» деп инвестициялық саясаттың қазіргі бағыттарына назар аударған болатын [2].

Осыдан қазіргі ҚР үкіметінің инвестициялық саясатының мақсаты – экономиканы дамыту және заманауи технологияны қолдану арқылы іс жүзіндегі өндірісті кеңейту мен жаңарту, бар жұмыс орындарын сақтау және жаңа орындарды ашудағы, қоршаған ортаны қорғаудағы инвестицияны ынталандыру.


Жалпы инвестициялық саясат дегеніміз – халық шаруашылығының әр түрлі салаларында пайда табу мақсатымен ұзақ мерзімді капитал жұмсау. Ол күрделі қаржыны тиімді пайдаланудың, оларды шешуші бағыттарға шоғырландырудың, қоғамдық өндірісте тепе-теңдікті қамтамасыз етудің жолдарын көрсететін шаруашылық шешімдерінің жиынтығы. Егер инвестициялық саясат дұрыс жүргізілсе, әрбір шығындалған теңгеге келетін ұлттық табыстың мөлшері өседі, өнім молаяды.

Елдегі инвестициялық саясаттың даму деңгейін елдің әл-ауқатының артуынан көруге болады. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында отандық нарыққа шетелдік инвесторларды тарту инвестициялық саясаттың басымдылығы болып табылды. Ал инвестициялардың ішкі көздері не құнсызданды, не назардан тыс қалып отырды. Сондықтан рыноктік реформалардың алғашқы жылдарында отандық инвесторлардың қаражаты нарықтық қайта құру үдерістеріне тартыла алмады. Сонымен қатар, ол кезде орын алған отандық өндірістің үздіксіз құлдырауы ішкі жинақтар көлемін төмендетті. Академик У. Баймұратов өз еңбегінде былай деп жазады: «теріс сипаттағы экономикалық фактордан басқа, нәтижесінде елде жемқорлықтың күшеюін алып келген өзге де желілік емес санаттар іске асып отырды. Жемқорлық, несиелік мүмкіндіктердің шектен тыс қол жетімсіздігі мен шектеулігі, шетел инвестицияларын тиімсіз пайдалану, заңнамадағы кемшіліктер, нормативтік базаның әлемдік стандарттарға сай еместігі осы кезеңдегі инвестициялық ахуалға кері әсер тигізді» [3].

Инвестициялық сұраныс пен жиынтық сұраныстың төмендеуі мен құнсыздануы экономиканың тұрақсыздануына алып келді.

Осы жағдайларда ескере отырып алдағы уақытта Қазақстанның экономикалық жүйесінде инвестициялық саясатты жетілдіру арқылы ел экономикасын дамыту алға қойылды. Қаржыландыру көздерінде инвестициялардың үлесі арта бастады. 1998 жылдан бастап инвестициялардың ЖІӨ үлесі 8,4%-дан 2006 жылы 43,0% дейін тұрақты өсу үрдісіне ие болды [4]. Сонымен бірге елімізге шетелдік инвестицияларды тартудың құқықтық заңнамалық базасы да құрыла бастады.

Нәтижесінде шетелдік инвестициялау көмегімен Қазақстанда дағдарысты тежеуге, экономиканы қаржылық тұрақтандыруға мүмкіндік құрды және тапшылықпен күрес, құрылымдық қайта құрулар, экономиканың технологиялық және басқарушылық сияқты макроэкономикалық сипаттағы стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге ықпалын тигізді. Яғни, осындай факторлар сыртқы капиталдық салымдарды тарту және пайдалану маңыздылығын дәлелдейді.



Сурет 1 - Негізгі қорлардың тозу деңгейі

Республикаға шетел инвестицияларын тартудың негізгі нысаны бірлескен кәсіпорындар (БК) мен 100% шетел капиталы бар еншілес кәсіпорындар болғаны белгілі. ҚР Ұлттық статистика агенттігінің мәліметтері бойынша шетел фирмаларымен бірлескен кәсіпорындардың көбі Түркия, Ресей, Қытай, Германия, АҚШ, Италия, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания және басқа елдермен бірлесе отырып құрылған. Олардың ішінде «Филипп Морристин» қатысуымен «Табако К.» АҚ, «Шеврон Оверсиз К.» (АҚШ), «Теңізмұнайгаз» «Теңішеввойл» БК және АВН Амгованк, Техакаванк, Альфабанк және тағы басқалар. Одан басқа рынокке өтпелі кезеңде өндірістік сектордағы төмен инвестиция-лық сұраныс негізгі қорлардың тозуын күшейтті. «2001 жылдың өзінде негіз-гі қорлардың тозу деңгейі жалпы халық шаруашылық бойынша 38,7%, оның ішінде:

Осыдан жабдықтар мен технологиялар түріндегі капиталдың ескіруінің жоғары деңгейі, еңбек пен капиталдың төмен өнімділігі көзге түседі. Бұл мемлекеттің инвестициялық саясатын қалыптастыруда, инвестицияларды өндірістік күштерді қайта құрылымдаудың факторы ретінде қарастыруды алға қойды. Себебі қазіргі күнгі өндірістік күштер жүйесі бәсекеге қабілетті емес, қажетті өсу әлеуеті жоқ, бұл экономиканың шығындық сипатына, ғылыми-техникалық үдерістен кеш қалуға байланысты болды. Ғалым М.Б. Кенжеғозиннің пікірі бойынша, «өндірістік күштерді жаңартудың, жетілдірудің мүмкіндіктері мен стратегиялық бағыттарын жоғалтып алсақ, бір сәттік мақсаттар мен ағымдағы шығындардан шыға алмасақ, дағдарыстан шыға алмаймыз, кейінгі үдерістерге іліге алмаймыз. Өндірісті мұндай жаңарту қажеттілігін ескеретін шаралармен күшейтілген нарықтық жолға қою республиканы шикізат пен арзан жұмыс күшін жеткізетін елдер қатарына қосуы мүмкін» [5].

Экономиканы қайта құрылымдау мәселелерін инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар көмегімен немесе жекелеген салаларды дамыту жөніндегі үстіртін және жалпы бағдарламалар арқылы шешу мүмкін емес. Сонымен бірге ресурстарды тиімді пайдалану және қалдықсыз өңдеу технологияларын қолдану, сондай-ақ өндірістегі дайын өнім үлес салмағын ұлғайту керек. С.С. Айсағалиева өзінің еңбегінде «өнеркәсіптік саясаттың ғылыми-техникалық, технологиялық, инновациялық және инвестициялық құрамдас бөліктері әзірленіп, енгізілмей, нақты да айқын ережелері (ұйымдық-институционалдық құрылымы) бар «макродеңгей — мезодеңгей — микродеңгей» байланысы құрылмай, қазіргі жағдай жақсармайды» деп атап көрсеткен болатын [6].

Қазіргі таңдағы ел экономикасына салынатын инвестицияның басым бөлігі «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ арқылы жүргізіледі. Қордың мақсаты – перспективалы ұйымдардың жобаларына инвестицияларды жүзеге асыру және тарту арқылы Қазақстан

Республикасының индустриялық-инновациялық саясатын іске асыруға ықпал ету, экономиканың шикізаттық емес секторындағы жеке секторының бастамасына қаржылық көмек көрсету.

Қор қызметінің концептуалдық жағдайына келетін болсақ, Қор тура инвестор жобасына 49% акцияны иелене отырып шыға алады. Инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатының неғұрлым тиімдірек жолы жобаның технико-технологиялық жағын және 50% акцияны бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті маркетингтік және технологиялық тәжірибесі бар жобаны орындаушы ұйымдардың сәйкес деңгейін қамтамасыз ететін стратегиялық инвестор болуы тиіс кәсіпорындардың жарғы капиталына қатысу болып табылады.

Қазіргі таңда Қор «ҚАЗГЕОКОСМОС» АҚ, «Heaven House» АҚ сынды 17 жобамен жұмыс жасауда. Талдау барысында Қор қызметінің қаншалықты тиімді жұмыс жасап жатқанын білу үшін жылдық есептеріне назар аудардым, нәтижесі кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - «Қазақстан Инвестициялық қоры» АҚ

	2012 ж	2013 ж	2014 ж
Жалпы пайда, мың тг.	1,082,241	1,127,468	3,595,217
Жинақ капитал, мың тг	18,929,263	38,949,762	46,485,224
Жинақ міндетте-мелер мен капитал, мың тг	19,008,719	55,593,235	76,723,205

Кесте 2 - BCG матрицасы арқылы Қазақстандағы инвестицияланушы салаларды бағалау

Н А Р Ы Қ Ө С І М І	жоғарғы	Жер қойнауын пайдалануға салынатын инвестиция	Өнеркәсіптік өндіріске салынған инвестиция
	төменгі	Тұрғын үй құрылысына салынатын инвестиция	Ауыл шаруашылығына салынатын инвестиция
		Жоғарғы	Төменгі
	НАРЫҚ ҮЛЕСІ		

Көрсеткіштеріне сүйенетін болсақ қазіргі таңда ауыл шаруашылығына салынатын инвестиция мөлшері жоқтың қасы, бұл осы салаға салынған инвестициядан түсетін пайданың аздығымен түсіндіріледі.

Өнеркәсіптік өндіріске салынатын инвестицияның нарықтағы үлесі әзірге төмен. Бірақ бұл салаға салынған инвестициядан түсетін пайданың мол екенін ұмытпағанымыз жөн.

Жер қойнауын пайдалануға салынатын инвестиция Қазақстандағы жалпы инвестицияның 70%-не ие.

Тұрғын үй құрылысына инвестицияның да нарықтағы үлесі жоғары. Бұл ел халқының демографиялық өсімімен тікелей байланысты.

Елімізде қабылданған үдемелі индустриалды- инновациялық даму бағдарламасына сай алдағы уақытта тұрақты экономикалық өсімнің әлеуетін айқындайтын көрсеткіш – негізгі капиталға жасалатын инвестициялар деп айқындалды.

Қорытындылай келе жалпы Қазақстанның өндіріс салаларының инвестициялық тартымдылығын жоғары бағалауға болады. Жоғарғы пайыз белгілеу арқылы көптеген шетелдік қаржы көздерін тартуға мүмкіндіктер мол және сол мүмкіндіктерді жүзеге асыратын анық стратегиялық бағдарлама да бар. Құқықтық заңнамалық базада

қалыптасты.Тек стратегиялық бағдарламаны тыңғылықты жүзеге асыру қажет. Инвестициялар еліміздіңәлеуметтік-экономикалық жағдайына сапалық және сандық өзгерістер әкелетіні сөзсіз. Бұл бізге бәсекеге қабілетті экономикасы озық дамыған мемлекеттер қатарынан көрінуге мүмкіндік туғызады деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер

1. ҚР Президентінің 19.03.10ж. № 958 Жарлығымен бекітілген ҚР үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010ж.
2. ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» //Жетісу, 2012.
3. Баймұратов Ө. Инвестициялар мен инновациялар: сызықсыз синтез. 3-том. Таңдамалы ғылыми еңбектер, Алматы: БИС, 2005.
4. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі, 2006 -№1.
5. Қазақстанның экономикасын реформалау. — М.Б. Кенжегозинның редакциялығымен Алматы, 1997.
6. Айсағалиева С.С. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті талдау // Экономика және статистика, 2006, №1-2.
7. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі, 2011-2015 -№1.
8. Алматы облысындағы инвестициялық жобаларды іске асыру. Алматы облысының Статистика басқармасы.Талдықорған, 2012.

ӘӨЖ 334.027

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӘРІПТЕСТІГІ: НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ДАМУ ӘЛЕУЕТІ

Умарбекова Айгерим Жумагельдиевна

umarbekova_azh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Ғылыми жетекші – Сейтхожина Д.А.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстанның жаңа саяси бағыттарының бірі «ұлттық экономикамыздың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау» екендігін айта отырып, «мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі принципіне негізделген сенімді диалог құру үшін бизнесті топтастыруды жалғастыру керек, ол бұл жаңа стратегияны іске асыруда кең ауқымды және барлық кәсіпкерлердің тартылуы міндетін шешіп береді» деп көрсеткен болатын. Кәсіпкерлікке аса ірі жауапкершілік артылған. Мәселен, «халықаралық тәжірибені сараптау нәтижесінде кәсіпкерлерді палаталарға топтау экономиканың тиімділігінің ең негізгі факторы, мұндай қадам жүзеге асқан тұста «мықты бизнес, мықты мемлекет» ұстанымы іске асырылады» делінген Жолдауда [1]. Тәжірибе көрсеткендей экономикалық жүйе өздігінен дамымайды, қоғаммен біте қайнасады. Қоғам мүддесін және тұрақтылығын қорғауда мемлекеттің маңызы зор. Қоғамның экономикалық бағытының дамуы жекелеген кәсіпкерлер немесе корпорация мүдделерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл тұрғыда Жолдауда ортақ мәмілеге келіп, мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде мүдделерді тоғыстыру қарастырылған. Осыған байланысты мемлекет пен жеке меншік сектордың өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, тиімді әріптестік қатынастарды дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру кезінде мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттестігін дамыту мен жетілдіру қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.